

Жекелеген ауыз сумен жабдықтау объектілеріне қатысты мемлекеттік меншік түрін өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 маусымдағы N 562 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Павлодар облыстары әкімдерінің ауыз сумен жабдықтау объектілерін республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру туралы ұсыныстары қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен қосымшада көрсетілген объектілерді беру және қабылдап алу жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 6 м а у с ы м д а ғ ы

N 5 6 2 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен құрылысы аяқталған, коммуналдық меншікке берілетін ауыз сумен жабдықтау объектілерінің ТІЗБЕСІ

А л м а т ы о б л ы с ы б о й ы н ш а :

1. Іле ауданы Өтеген батыр кенті Қуат шағын ауданының теңгерімдік құны 23932 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 10,553 км су құбыры желісі.

2. Жамбыл ауданы Аққайнар кентінің теңгерімдік құны 120000 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 16,5 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар сорғы станциясының торабы, су тарту ұңғымасы - 3 дана, сыйымдылығы 50 м³ тегеурінді су мұнарасы, 10/0,4 кВ электр тарату жолдары - 1,2 км, 160 кВа трансформаторлық қосалқы станциясы.

3. Сарқанд ауданы Алмалы ауылының теңгерімдік құны 23738,32 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 7,274 км су құбыры желісі, технологиялық жабдығы бар сорғы станциясының торабы.

4. Ақсу ауданы Жансүгіров кентінің теңгерімдік құны 42261 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 10,76 км су құбыры желісі, сыйымдылығы 50 м³ тегеурінді су мұнарасы, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар сорғы станциясының торабы.

5. Панфилов ауданы Жаркент қаласының теңгерімдік құны 31192,038 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 3,8 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар су жиналғы ұңғымасының торабы, 500 м³ таза су резервуары.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

1. Абай ауданы Кеңгірбай би ауылының теңгерімдік құны 37456,16 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 5,5 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы - 2 дана, сыйымдылығы 50 м³ тегеурінді су мұнарасы, ВЛ-0,4 кВ және ВЛ-10 кВ - 4,6 км электр тарату жолдары.

2. Абай ауданы Архат ауылының теңгерімдік құны 70701,94 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 10,9 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы - 2 дана, сыйымдылығы 250 м³ таза су резервуары - 2 дана, ВЛ-0,4 кВ және ВЛ-10 кВ - 13,7 км электр тарату жолдары.

3. Абай ауданы Құндызды ауылының теңгерімдік құны 31390,0 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 2,7 км су құбыры желісі, технологиялық жабдығымен санитарлық қорғау аймағы бар I - 2 дана және II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, сыйымдылығы 25 м³ тегеурінді су мұнарасы, ВЛ-0,4 кВ - 115 м электр тарату жолдары.

4. Аягөз ауданы Баршатас ауылының теңгерімдік құны 45390,0 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 13,0 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы - 2 дана, сыйымдылығы 25 м³ тегеурінді су мұнарасы, сыйымдылығы 50 м³ тегеурінді су мұнарасы, сыйымдылығы 500 м³ таза су резервуары, су тарату ұңғымасы - 2 дана.

5. Аягөз ауданы Аягөз қаласының теңгерімдік құны 124646,0 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 9,7 км су құбыры желісінің учаскесі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, сыйымдылығы 2000 м³ таза су

резервуары, су жиналғы ұңғымасы - 8 дана.

6. Семей қаласының (ауылдық аймақ) теңгерімдік құны 33820 мың теңге санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы - 2 дана, су жиналғы ұңғымасы - 2 дана, сыйымдылығы 150 м^3 таза су резервуары, КТП-40 трансформаторлық қосалқы станциясы бар ВЛ-0,4 кВ және ВЛ-10 кВ электр тарату жолдары, бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 3,2 км су құбыры желісі, Приречное ауылына дейінгі ұзындығы 1,9 км су ағызғы және Гранитный кентіне дейінгі ұзындығы 2,285 км су ағызғы.

7. Жарма ауданы Үшбиік ауылының теңгерімдік құны 36000 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 7,3 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы - 3 дана, су жиналғы ұңғымасы - 3 дана, сыйымдылығы 25 м^3 тегеурінді су мұнарасы.

8. Шемонаиха ауданы Первомай кентінің теңгерімдік құны 110700 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 11,08 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар су жиналғы ұңғымасының торабы - 9 дана, 250 кВа ТП 10/04 трансформаторлық қосалқы станциясы бар электр тарату жолдары.

Жамбыл облысы бойынша:

1. Жамбыл ауданы Ерназар ауылының теңгерімдік құны 30190 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 4,4 км су құбыры желісінің учаскесі, технологиялық жабдығы бар I және II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы және ВЛ-0,4 кВ және ВЛ-10 кВ электр тарату жолдары, сыйымдылығы 250 м^3 таза су резервуары - 2 дана, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы.

Батыс Қазақстан облысы бойынша:

1. Казталовка ауданы Ақпатер кентінің теңгерімдік құны 23705,73 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 0,138 км су құбыры желісі, "Исток" үлгісіндегі су тазарту қондырғысы, технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш сорғы станциясы, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы.

2. Жаңғалы ауданы Мортық кентінің теңгерімдік құны 70680 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 1,0 км жүргізілетін су құбыры, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I және II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, ВЛ-0,4 электр тарату жолдары және ТП 10/4 трансформаторлық қосалқы станциясы, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, "Таза су" үлгісіндегі су тазарту қондырғысы.

3. Жаңғалы ауданы Жаңақазан кентінің теңгерімдік құны 56900 мың теңге

санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I және II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, сыйымдылығы 100 м^3 таза су резервуары - 2 дана бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 4,556 км су ағызғы.

4. Теректі ауданы Федоровка аудан орталығының теңгерімдік құны 90000 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 10,195 км су құбыры желісі және ұзындығы 9,466 км су ағызғы, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I және II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, сыйымдылығы 500 м^3 таза су резервуары - 2 дана.

5. Ақжайық ауданы Базартөбе кентінің теңгерімдік құны 83360 мың теңге ұзындығы 1,669 км тегеурінді су ағызғы, технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш қалқыма сорғы станциясының торабы, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, сыйымдылығы 100 м^3 таза су резервуары - 2 дана, "Акватон" үлгісіндегі су тазарту қондырғысы, су тарату торабының ғимараты.

6. Жәнібек ауданы Жәнібек кентінің теңгерімдік құны 105135,1 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 9,327 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, сыйымдылығы 500 м^3 таза су резервуары - 2 дана.

Қарағанды облысы бойынша:

1. Жезді су қоймасынан Костен-Голсай сайына дейін теңгерімдік құны 464278,0 мың теңге технологиялық жабдығы бар жағалаулық су сорғы торабы және ұзындығы 181 м су ағызғының ішкі алаңдық желісі, 1,26 км ВЛ-6 кВ электр тарату жолдары, РУ-6 кВ ғимараты, ұзындығы 21,27 км магистральдық су ағызғы.

2. Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласының теңгерімдік құны 61974,9 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 13,43 км қалаішілік су құбыры желісінің учаскесі, технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, 63 кВа трансформаторлық қосалқы станциясы, сыйымдылығы 300 м^3 тегеурінді су мұнарасы.

3. Осакаров ауданы Ертіс ауылының теңгерімдік құны 37700,0 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 6,9 км су құбыры желісінің учаскесі, технологиялық жабдығы бар I сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, су тазарту жүйесі.

4. Шет ауданы Кеңшоқы ауылының теңгерімдік құны 25200,0 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 2,1 км болатын су құбыры желісінің учаскесі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар

I сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, су жиналғы ұңғыма - 2 дана, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы.

Қостанай облысы бойынша:

1. Теңгерімдік құны 357974 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар Лихачев топтық су құбыры (екінші кезек) ұзындығы 35,5 км, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар III сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы, су жиналғы ұңғымасы - 4 дана, сыйымдылығы 500 м^3 және сыйымдылығы 250 м^3 таза су резервуарлары - 2 дана.

2. Теңгерімдік құны 70373,15 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 12,5 км Владыкин-Федоровка кенті су ағызғысы.

Қызылорда облысы бойынша:

1. Қармақшы ауданы Жосалы аудан орталығының теңгерімдік құны 119000 мың теңге бақылау құдықтары мен жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 13,45 км су құбыры желісі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I және II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы - 2 дана, сыйымдылығы 250 м^3 таза су резервуары - 6 дана, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, 35/04 кВ КТПН және 10/0,4 кВ КТПН трансформаторлық қосалқы станциясы - 2 дана, ұзындығы 0,88 км ВЛ-35 кВ және ВЛ-10 кВ электр тарату жолдары.

2. Жалағаш ауданы Жалағаш аудан орталығының теңгерімдік құны 118349,984 мың теңге бақылау құдығы және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 15,038 км су құбыры желісінің учаскесі.

Павлодар облысы бойынша:

1. Ақтоғай ауданы Мүткенов ауылының теңгерімдік құны 11929 мың теңге өнімділігі 12 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

2. Ақтоғай ауданы Қараоба ауылының теңгерімдік құны 11275 мың теңге, өнімділігі 9 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

3. Ақтоғай ауданы Қожамжар ауылының теңгерімдік құны 12120 мың теңге, өнімділігі 12 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

4. Павлодар ауданы Жетекші ауылының теңгерімдік құны 12805 мың теңге, өнімділігі 15 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

5. Павлодар ауданы Григорьевка ауылының теңгерімдік құны 13235 мың теңге, өнімділігі 5 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

6. Павлодар ауданы Комарицино ауылының теңгерімдік құны 11593 мың теңге, өнімділігі 3 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

7. Лебяжий ауданы Ямышево ауылының теңгерімдік құны 12672 мың теңге өнімділігі 14 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

8. Лебяжий ауданы Шарбақты ауылының теңгерімдік құны 12760 мың теңге, өнімділігі 15 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

9. Лебяжий ауданы Тілектес ауылының теңгерімдік құны 14661 мың теңге, өнімділігі 3 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

10. Лебяжий ауданы Аққу ауылының теңгерімдік құны 49500 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 10,265 км су ағызғы мен тарату желісі, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар су жиналғы ұңғымасының торабы, канал арқылы өтетін бөгетше.

11. Ертіс ауданы Панфилов ауылының теңгерімдік құны 11171 мың теңге, өнімділігі 11 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

12. Ертіс ауданы Қарақұдық ауылының теңгерімдік құны 10422 мың теңге, өнімділігі 10 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

13. Ертіс ауданы Майқоңыр ауылының теңгерімдік құны 10335 мың теңге, өнімділігі 10 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

14. Ертіс ауданы Ленин ауылының теңгерімдік құны 10083 мың теңге, өнімділігі 7 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

15. Железин ауданы Новокузьминка ауылының теңгерімдік құны 12410 мың теңге, өнімділігі 12 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

16. Железин ауданы Жаңабірлік ауылының теңгерімдік құны 12176 мың теңге, өнімділігі 2 м^3 /тәулік жергілікті су тазарту жүйесі, су жиналғы ұңғымасы.

17. Железин ауданы Железинка ауылының теңгерімдік құны 14914 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 2,9 км су құбыры желісінің учаскесі, II сатыға көтергіш сорғы станциясының технологиялық жабдығы, сыйымдылығы 250 м^3 таза су резервуары - 2 дана, сыйымдылығы 25 м^3 тегеурінді су мұнарасы.

18. Железин ауданы Ақтау ауылының теңгерімдік құны 11973 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 3,3 км су құбыры желісінің учаскесі, санитарлық қорғау аймағы бар сыйымдылығы 25 м^3 тегеурінді су мұнарасы.

19. Қашыр ауданы Қашыр ауылының теңгерімдік құны 93940 мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 11,19 км су құбыры желісінің учаскесі, сыйымдылығы 50 м^3 тегеурінді су мұнарасы, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар I және II сатыға көтергіш сорғы станциясының торабы.

20. Ақсу қаласы ауылдық аймағы Пограничник ауылының теңгерімдік құны 11774

мың теңге бақылау құдықтары және жапқыш реттеуші арматурасы бар ұзындығы 0,8 км су құбыры желісінің учаскесі, санитарлық қорғау аймағымен технологиялық жабдығы бар су жиналғы ұңғымасының торабы - 2 дана.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК